

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС. КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА
УГОЛОВНОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС. КРИМИНОЛОГИЯ. КРИМИНАЛИСТИКА
CRIMINAL LAW AND PROCESS. CRIMINOLOGY. FORENSICS

ҒХТАР 10.77.01
ӘОЖ 343.9.01

10.51889/2959-6181.2024.76.2.010

А.Р. Бижанова¹, Г.Ж. Османова¹

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

**ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ҚАЙТАЛАНУЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Аңдатпа

Бүгінгі күні құқық саласындағы туындағын көптеген мәселелердің ішінде қылмыс ең өзекті деп саналуы мүмкін. Еліміздің қылмыстық заңнамасы қылмыстардың қайталануының ұғымын бекітті және оны жеке түрге жіктеп, қылмыстардың қайталануы кезінде жаза тағайындаудың жаңа ережелерін қарастырды. Қылмыстың өсуі, қайталануы, нәтижесінде бас бостандығынан айыруға сотталғандар санының өсуіне әкеледі. Бұл өз кезегінде қоғамның одан әрі дамуына, құқықтық мемлекет құруға, халықаралық қатынастарда мемлекеттің мәртебесінің сақталуына кедергілер келтіреді. Қабылданған шараларға қарамастан, рецидивтік қылмысқа қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету мәселелері қоғамды да, заң шығарушыны да, құқық қолдану органдарын да алаңдатады.

Зерттеу тақырыбында қылмыстардың қайталануының әлеуметтік мәселелері қарастырылған. Қылмыстардың қауіптілігінің нақты көріністерінің әлеуметтік қауіпті деңгейлерін ашу, қылмыстың алдын алу мәселелерін шешуде маңызды орынды алады.

Зерттеу мақсаты – қылмыстардың қайталануының әлеуметтік-құқықтық сипатының қылмысты анықтауға және алдын алуға әсерін зерттеу.

Түйін сөздер: қылмыс, қылмыстық құқық, қылмыстардың қайталануы, қауіпті рецидив, жаза.

Бижанова А.Р.¹, Османова Г.Ж.¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

**СОЦИАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ
РЕЦИДИВА ПРЕСТУПЛЕНИЙ**

Аннотация

На сегодняшний день из множества проблем в области права наиболее актуальным может считаться пресечение преступной деятельности. Уголовное законодательство страны утвердило понятие рецидива преступлений и, классифицировав его на отдельные виды, рассмотрело новые правила назначения наказания при рецидиве преступлений. В результате роста преступности, рецидива увеличиваются числа осужденных к лишению свободы. Это, в свою очередь, создает барьеры для дальнейшего развития общества, построения правового государства, сохранения статуса государства в международных отношениях. Несмотря на принятые меры, вопросы обеспечения противодействия рецидивной преступности волнуют как общественность, так и законодателей и правоохранительные органы.

В теме исследования рассмотрены социальные проблемы рецидива преступлений. Важное место в решении проблем профилактики преступности занимает раскрытие социально опасных уровней конкретных проявлений угрозы преступности.

Цель исследования – изучение влияния социально-правового характера рецидива преступлений на выявление и предупреждение преступности.

Ключевые слова: преступление, уголовное право, рецидив преступлений, опасное повторение преступлений, наказание.

Bizhanova A.R.¹, Osmanova G.Zh.¹
¹Abai Kazakh National Pedagogical University

SOCIAL PROBLEMS OF RECIDIVISM

Abstract

To date, of the many problems in the field of law, the suppression of criminal activity can be considered the most relevant. The country's criminal legislation has approved the concept of recidivism and, classifying it into separate types, has considered new rules for sentencing in case of recidivism. As a result of the increase in crime and recidivism, the number of people sentenced to imprisonment is increasing. This, in turn, creates barriers to the further development of society, the building of a rule of law, and the preservation of the status of the state in international relations. Despite the measures taken, the issues of countering recidivism are of concern to both the public and legislators and law enforcement agencies.

The topic of the study examines the social problems of recidivism. An important place in solving the problems of crime prevention is occupied by the disclosure of socially dangerous levels of specific manifestations of the threat of crime.

The purpose of the study is to study the influence of the socio-legal nature of recidivism on the detection and prevention of crime.

Keywords: crime, criminal law, recidivism, dangerous repetition of crimes, punishment.

Негізгі ережелер. Рецидивті қылмыс тек елімізде ғана емес, сонымен бірге бүкіләлемдік проблема болып табылады, өйткені ол кез-келген мемлекетте бар. Қылмыстық әрекеттерді жаңадан жасаған адамдардың әлеуметтік қаупі олардың қылмыстық әдет-ғұрыптары, дағдылары, қылмыстық психологиясы бар, жаңа қылмыстар жасай отырып, жеке азаматтарға ғана емес, сонымен бірге қоғамға және жалпы мемлекетке зиян келтіріп, қылмыстық жауапкершілікке тартуды қамтиды.

Көптеген рецидивистердің жеке басы қылмыстық мүдделердің әртүрлілігі мен тұрақтылығымен, қылмыстық субмәдениет элементтерін сақтауға және дамытуға деген ұмтылыспен, психикалық ауытқулармен, салыстырмалы түрде динамикалық және ұзаққа созылған қылмыстық мінез-құлықта, олардың жаңа қылмыстар жасау ықтималдығының жоғарылауында көрінетін әлеуметтік пайдалы іс-шараларға қатысқысы келмеуімен сипатталады.

Қылмыстардың қайталануына әсер ететін жазаның тиімділігінің жеткіліксіздігі заңнаманың белгілі бір жетілмегендігімен, онда қоғамның қазіргі қажеттіліктері мен жаңа әлеуметтік жағдайларға толық сәйкес келмейтін нормалардың болуымен байланысты болуы мүмкін. Қоғамнан оқшауланған жылдары бейімделу қабілеттерін әлсірететін өмірлік пассивтілік дамиды. Нәтижесінде, бұл адамдар босатылғаннан кейін қоғам өміріне белсенді түрде қосыла алмайды және әртүрлі қиындықтарды жеңе алмайды.

Қылмыстардың қайталануы - қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіреді және құқық қорғау жүйесі тарапынан сындарлы алдын алу шараларын талап етеді. Мұның бәрі белсенді түрде қайталанатын қылмысты әлеуметтік-құқықтық бақылаудың тұжырымдамалық және тиімді құралдарын әзірлеу қажеттілігі заң әдебиетінде талқыланады.

Кіріспе. Адамның құқықтары мен бостандықтарын, қадір-қасиетін бекіту, демократиялық принциптерді дамыту, елдің әлеуметтік жүйесін құру процесінің мақсаты болып саналады.

Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген, мемлекеттің басты құндылығы ретінде табылатын жеке тұлға [1], оларды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау мемлекеттің басты міндетіне айналды.

Қылмыстардың қайталануы – күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс, рецидивтік қылмыстың себептері тек осындай құбылыстар мен процестер болып табылады. Рецидивтік қылмыс тек елімізде ғана емес, сонымен бірге бүкіләлемдік проблема болып табылады, өйткені ол кез-келген мемлекетте бар. Қылмыстық әрекеттерді жаңадан жасаған адамдардың әлеуметтік қаупі олардың қылмыстық әдет-ғұрыптары, дағдылары, қылмыстық психологиясы бар, жаңа қылмыстар жасай отырып, жеке азаматтарға ғана емес, сонымен бірге қоғамға және жалпы мемлекетке зиян келтіріп, қылмыстық жауапкершілікке тартуды қамтиды.

Материалдар және әдістер. Зерттеудің әдісі ретінде қылмыстық құқық, криминология және әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шешуге арналған алғышарттар құрайды. Зерттеудің әдіснамалық негізі жалпыға бірдей танымның ғылыми әдісіне сүйенеді. Жүйелік-құқықтық әдіс арқылы қылмыстардың қайталануы жөніндегі нормалар айқындалады. Формалды-логикалық әдіс – қылмыстардың қайталануының шарттарын қарастыру барысында ҚР ҚК-мен белгіленген нормалардың мазмұнын жан-жақты, тереңірек зерттейді. Қылмыстардың қайталануының қазіргі заманғы әлеуметтік мәселелерін зерттеу құқықтық және әлеуметтік тұстарын жүйелеу және жалпылау негізінде жүргізілді. Жүргізілген зерттеулердің теориялық негізін қылмыстық құқықтық, криминологиялық, әлеуметтік саласын мамандардың ғылыми конференцияларындағы монографиялар, диссертациялар, баяндамалар мен тезистері құрайды. Эмпирикалық материалдарды бағалау кезінде ақпараттарды алудың әлеуметтік әдістері қолданылды. Қылмыстардың қайталануының қылмыстық құқықтық, криминологиялық кейбір көрсеткіштерін ерекшелену үшін статистикалық әдістерге сүйенді.

Нәтижелер және талқылау. Тәуелсіздік алған жылдары елімізде қабылданған Қылмыстық Кодексте қылмыстың қайталануы туралы арнайы бапта қарастырылды.

Онда, қылмыстың қайталануы деп бұрын қасақана жасаған қылмысы үшін соттылығы бар адамның қасақана қылмыс жасауы танылды (13-бап). Оның ерекшелігі егер адам бұрын қасақана қылмысы үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталған болса, тағы қасақана қылмыс жасаған жағдайда және бұрын жасаған ауыр қылмысы үшін сотталған болса, ол ауыр қылмыс жасаған жағдайда қауіпті деп танылды [2].

Әрине, елдегі құқықтық саясаттың өзгеруіне қарай, қабылданған қазіргі қолданыстағы заңнама бұл норманы нақтылап ҚР ҚК-нің 14 бабы «қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы» деп көзделді.

ҚР ҚК-нің 14-бабының 1-бөлігіне сәйкес, егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады [3].

Қылмыстардың қайталануына қатысты заңнамалық талаптарды жалпы оң бағалай отырып, әлі де бар кемшіліктерге назар аударғымыз келеді.

Бұл, ең алдымен, заң терминологиясына байланысты. ҚР ҚК-де қылмыстардың қайталануының жаңа тұжырымдамасы енгізілді. Бұл не туралы екені бәріне түсінікті сияқты. Алайда, бұл ретте бірқатар сұрақтар туындайды. Біріншіден, соттар енді үкімдерде адамға нақты бас бостандығынан айыру тағайындалғанын көрсетуі керек пе? Егер олай болмаса, рецидивтік анықтау кезінде бұл ұғым қалай ескеріледі? Солай болса, онда қандай негізде? Өйткені, сот ҚР Қылмыстық кодексіне енгізілген жазаның түрін ғана тағайындай алады, ал нақты жаза түрі ретінде бас бостандығынан айыру, бұл норманы қамтымайды.

Екінші мәселе, қылмыстың қайталануы жазаны ауырлататын мән-жай ретінде танылуы мүмкін, бұл қайталанудың белгілі бір түрі емес. Осыған байланысты заң шығарушының қылмыстардың қайталануының барлығында жаза тағайындаудың төменгі шегін анықтаудың

бірыңғай критерийлерін белгілей отырып, қайталану бөлімін түрлерге қалдыру идеясы толығымен анық емес-жазаның ең қатаң түрінің максималды мерзімінің 1/3 бөлігі болып табылады. Қарапайым, қауіпті қайталануды бөлу жаңа ережелерге сәйкес мекеме режимін тағайындау кезінде ғана практикалық маңызға ие.

Тағы бір мәселе – қылмыстардың қайталануының белгілі бір бөлігі шартты түрде мерзімінен бұрын босату кезінде жасалады. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғаннан кейінгі кезеңде жасалатын қылмыстар санының артуы туралы статистикалық деректерді талдау ҚР ҚК-ні түзету қажеттігін талап етеді, өйткені оның қолданыстағы редакциясы әрбір сотталған адамға жеке жаза мерзімін тағайындау жөніндегі сот шешіміне күмән келтіреді.

Қылмыстардың қайталануының әлеуметтік-психологиялық себептерін талдай отырып, біз мыналарды ескереміз:

- қылмыскердің жеке басының типологиясы – рецидивист;
- психикалық бұзылыстың, созылмалы алкоголизмнің немесе нашақорлықтың салдары ретінде рецидив;
- білім деңгейінің төмендігі, нәтижесінде рецидивистер нақты шындықты объективті бағалай алмайды;
- қылмыстық атқару жүйесі мекемелеріндегі бас бостандығынан айыруға сотталғандардың босатылғаннан кейін, олармен жұмыс жасайтын әлеуметтік қызметтер жұмысының тиімсіздігі болып табылады.

Қылмыскер – рецидивистің жеке басы–өзара байланысты әлеуметтік маңызды жағымсыз қасиеттер мен қатынастардың тұтас жиынтығы, олар сыртқы жағдайлармен және жағдайлармен өзара әрекеттесіп, қайта қылмыс жасауды анықтайды.

Қазақстандық ғалым Е.О. Алаухановтың пікірінше, қылмыскерлерді, олардың жеке басының сипаттамалары бойынша топтастырудың қорытындысы жеке адамның өзіндік ерекше әлеуметтік типін бөліп алу болды. Бұл әлеуметтік тип қылмыскерлік жеке адамның типі деп аталды. Қылмыс жасаушының барлығы осы типке жатқызылуы мүмкін деп көрсетті [4, 175 б.]. Осыдан, адамдардың белгілі бір топтар мен бірлестіктерге қосылып, қылмыстық әрекеттер жасауы қылмыстың оқиғасы ретінде танылатындығын көреміз.

Қылмыстардың қайталануы тұрғысынан қылмыстық жауаптылықтың жоғарылауының әлеуметтік негізіне келер болсақ, олардың өз әрекеттерінің қоғамдық қауіптілігін ұзақ уақыт білуі, оларды жасауға деген тұрақты ниеттің болуы, әлеуметтік қауіпті салдарды алдын ала болжауы, сондай-ақ мемлекет тарапынан айыптаудың болатынына қарамастан қылмыстық әрекеттің жалғасуы болады [5, 6 б.]. Бұл тұста абайсызда қылмыс жасау рецидив деп танылмайтындығын айту керек.

Біздің ойымызша, қылмыстық-құқықтық статистика деректері бойынша, қайталану қылмыстарының негізгі бөлігі қасақана әрекеттер болып табылатындығына байланысты, қылмыстық құқықта қайталанудағы қылмыстың абайсызда және кәмелет жасына толмаған адамдармен жасалған түрін есепке алудан бас тарту орын алды.

Қылмыстардың қайталану түріне байланысты жауаптылықты саралау, сондай-ақ жасалған қылмыс санатына байланысты соттылықты өтеу мерзімін белгілеу адам қылмыстық әрекетке қайта оралған жағдайда неғұрлым қатаң жаза тағайындау қағидаларын белгілейді. Заңда белгіленген жағдайларда рецидивтің түрі соттың түзеу мекемесінің режим түрін таңдауын алдын-ала анықтайды. Қылмыстардың қайталануын жасаған адамдар бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталған адамдардан бөлек ұсталуға тиіс [6, 32 б.].

Қылмыстардың қайталануының әт түрлі жасалу жолдары болады. Олардың бірі қатаң жазаға тартылған қылмыстық атқару жүйесі мекемесінен босатылған адамдардың әлеуметтік бейімделуі қамтамасыз етілмеген кезде жұмыс, тұрғын үй, күнкөріс жоқ адамдардың бұл санаты қайта қылмыс жасауға «мәжбүр» болады. Тағы бір нұсқа – маскүнемдікпен, есірткіні қолданумен ауырлатылған қоғамға жат өмір салты. Бұл жағдайларда кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстардың қайталануы жағдайында қоғамнан ұзақ уақыт оқшаулану

орынсыз болып көрінеді. Соттылығы бар адамның қайта жаңа қылмыс жасауы, үлкен қоғамдық қауіпті білдіреді және жаңа қылмыстардың алдын алуда қосымша қиындықтар туғызады. Сондықтан қылмыстардың қайталануы тәуелсіз құбылыс, қылмыстардың көптігінің жеке түрі деп санаймыз.

Негізгі қорытынды ретінде қылмыстардың қайталануы әрекеттің жалғасы ғана емес, оған қайта оралу, кінәлінің іс-әрекетін теріс мемлекеттік бағалауға қарамастан, мемлекеттік тұрғыдан ықпал ету шаралары іске асырылады. Өйткені егер қылмыс жасамаған адам ешқашан сотталмаған болса, онда оған қылмыстық жазаны және басқаларды қолдануға реакцияның қандай болатынын ешкім болжай алмайды.

Қылмыстардың қайталануы қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының тиімділігінің маңызды критеріі болып табылады. Егер адам өзіне мемлекеттік ықпал ету шараларын қолданғаннан кейін қайтадан қылмыс жасаған болса, онда жасаған әрекетін ынталандырудың сәтсіз әрекетінің себептерін талдау қажет. Бас бостандығынан айыру жазасын алғаш өтеген адамдардың шамамен 50%-ы қылмыстардың қайталануын жасайды. Оның ішінде бірінші рет бас бостандығынан айыруды өтеген адамдардың 40,4 %-ы босатылғаннан кейінгі бірінші жылы қайта жаңа қылмыстар жасайды, 21,3 %-ы бір жылдан екі жылға дейін қоса алғанда; 13,4 %-ы – 2 жылдан 3 жылға дейін; барлығы 3 жылға дейін – 7,5 %; 3 жылдан 4 жылға дейін – 10,3%; 4 жылдан 5 жылға дейін 5%; 5 жылдан астам – 9,5%. Сонымен қатар, 5 жылдан бастап жыл сайын зерттелген жиынтықтың шамамен 2,5%-ы қылмыс жасады, бірақ босатылғаннан кейін 9-10 жыл ішінде тек 0,4%; 10-11 жылы-0,1%. Яғни, босатылғаннан кейінгі алғашқы үш жылда рецидивті қылмыс жасау ықтималдығы жоғары. Қылмыстық әрекетті жалғастыру ықтималдығы тәуекел тобына жатқызылуы мүмкін сотталғандарда жоғары – бұл жас адамдар, бас бостандығынан айыру орындарында ұстау режимін қасақана бұзушылар, Бірінші қылмыс жасаған ұрлық жасаған, сотталғанға дейін белгілі бір кәсіптері болмаған және т. б. [7, 87 б.].

ҚР Қылмыстық Кодексінің Ерекше бөлігінің санкцияларында көзделген бас бостандығынан айырудың ұзақ мерзімдері сотталған тұлғаға теріс әсерін тигізетіндігін есте ұстаған жөн.

Соттармен жаза тағайындауда жасалған қылмыстың қоғамға қауіптілік сипаты мен деңгейін, сотталушының тұлғасын және жазаны жеңілдететін не ауырлататын барлық мән-жайларды ескеру керек.

Бұл жөнінде ғалымдар соттардың назарын қылмыстық топтардың құрамында сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік, сондай-ақ кәмілет жасына толмағандарға қатысты жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар жасағаны үшін және түзету жолына түскісі келмейтін бұрын сотталған адамдардың жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамдарға қатысты заңмен көзделген қатаң жазалау шараларын қолдану қажеттігіне назар аудару керек деген пікірде [8, 78 б.].

Бірақ, қылмыстардың қайталануының жоғары пайызы байқалады, себебі барлық сотталғандар соттардың сенімін ақтай бермейді.

Қазіргі таңда еліміз бойынша қамаудағылардың 46%-ын (13204 адам) соттылығы бар адамдар және 54% (15505 адам) бірінші рет сотталғандар құрайды. Бір жылдан кейін шамамен 35 %-ы сотталушылар орындығына қайта отыратындығын жүргізілген сауалнама нәтижесі де көрсетіп отыр [9].

Бұндай қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің артуы қылмыстық әрекеттерінде қылмыстардың қайталануын құрайтын адамдардың қоғамға қарсы көзқарастары мен теріс мінез-құлықты дамытады, сонымен бірге жастарды зиянды әрекеттерге тартып қана қоймай, оларды қылмыс жасауға қатыстырады. Олар ауыр және аса ауыр қылмыстардың едәуір санын жасай отырып, елдегі қылмыстық жағдайды күрделендіреді.

Аталған барлық жағымсыз факторлар қылмыстық ортаны одан әрі қылмыстық жауапкершілікке тартуға да әсер етеді.

Сонымен қатар, қылмыстардың қайталануына әсер ететін жазаның тиімділігінің жеткіліксіздігі заңнаманың белгілі бір жетілмегендігімен, онда қоғамның қазіргі қажеттіліктері мен жаңа әлеуметтік жағдайларға толық сәйкес келмейтін нормалардың болуымен байланысты болуы мүмкін. Қоғамнан оқшауланған жылдары бейімделу қабілеттерін әлсірететін өмірлік пассивтілік дамиды. Нәтижесінде, бұл адамдар босатылғаннан кейін қоғам өміріне белсенді түрде қосыла алмайды және әртүрлі қиындықтарды жеңе алмайды [10, 86 б.]. Бас бостандығынан айыру орындарында қылмыс жасаған немесе босатылғаннан кейін қылмыстық әрекетін жалғастырғысы келетін адамдар, сондай-ақ режимді қасақана бұзушылар сотталғандарға теріс әсер етеді. Көптеген сотталғандар өздері жасаған ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын өтегеннен кейін сотталғанға дейінгі қоғамға мүлдем басқаша оралады. Әдетте, олардың тұрғын үй проблемалары бар, туыстарымен байланысы жоғалады, олардың құқықтық мәртебесін қамтамасыз ету үшін Заңмен белгіленген кепілдіктер, қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайда жүзеге асырыла алмайды. Осындай тағдыр көптеген азат етілгендерді, өтелгендерді және аз мерзімдерді күтеді. ҚАЖ мекемесі қызметкерлерінің мұндай адамдарды тұрмыстық және еңбекке орналастыру бойынша қабылдаған шаралары олардың дәрменсіздігіне байланысты жұмыссыздықтың өсуі, тұрғын үйдің болмауы, қоғам тарапынан мұндай адамдарға теріс көзқарас себептері бойынша жарамсыз болып табылады. Еңбек және тұрмыстық жағдай туралы мәселелерді шешудің ресми тәсілімен олар көбінесе өздеріне беріледі және ұзақ уақыт бойы ұжымнан нақты оқшаулану жағдайында болады, бұл олардың әлеуметтік бейімделуін қиындатады.

Рецидивтік қылмыстылық – қоғамның қылмыскерді түзей алмаған, дәрменсіздігінің көрсеткіші. Оның алдын алуды тиімдеу үшін қылмыстылықтың әлеуметтік сипатын білсе болғаны [11, 290 б.].

Қорытынды. Қылмыстардың қайталануы үшін жауаптылықтың жағары болуының әлеуметтік негізі, рецидивистің өз әрекеттерінің әлеуметтік қауіптілігін ұзақ уақыт білуі, оларды жасауға деген тұрақты тілегі, олардың әлеуметтік қауіпті салдардың болатындығын алдын ала білуі және мемлекеттік айыптауға қарамастан, қылмыстық әрекеттің жалғасуы болып табылады. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес рецидивистің қылмыстық жауаптылығының жоғарылауының құқықтық негіздері ҚР-ның Қылмыстық кодексінің тиісті нормалары болып табылады, бұл қылмыстардың қайталануын ауырлататын және біліктілік жағдайлары ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және нәтижесінде кінәлілерге қатаң жаза тағайындайды.

Олардың қайталануына әсер ететін қолайсыз жағдайлар тұрмыстық және отбасылық қатынастар саласында да қалыптасуы мүмкін. Олар әр түрлі формада көрінеді: отбасында өзара ізгі ниет атмосферасының болмауынан бастап, босатылған адамды маскүнемдікке белсенді тартуға немесе қылмыстық әрекетті қайта бастауға итермелеуге дейін. Қоғамға жат өмір салтын жалғастырып келе жатқан жақын маңдағы басқа сотталған адамдарға азат етілгендерге әсіресе қауіпті ыдырау әсері. Жасалатын рецидивтердің санын азайту үшін:

– балалық шақтан бастап адамдарда жауапкершілік сезімін ояту және заңдылықты сақтау арқылы алғашқы қылмыстардың жасалуының алдын алу;

– сотталғандарды түзету және тәрбиелеу мәселелерін қозғайтын заңнамалық базаның тиімсіздігімен байланысты кемшіліктерді жою және тікелей бақылау;

– жазасын өтеген адамдардың еңбек және тұрмыстық жағдайына көмек көрсету, өйткені бұл осы адамдардың тезірек және сапалы әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді, бұл өз кезегінде қайталану ықтималдығының төмендеуіне әкеледі;

– өмірдегі қиын жағдайға тап болған, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен оралған адамдарға көмек көрсету.

Осылайша, рецидивтердің әлеуметтік – психологиялық себептерін және қайталанатын қылмыстың статистикасын қарастыра отырып, рецидивтердің санын азайту үшін қылмыс-

тардың алдын алу, заңнамалық базадағы кемшіліктерді жою және қылмыстық атқару мекемесінен жазасын өтеп шыққан адамдарды әлеуметтік бейімдеуге көмектесу үшін тиімді жұмыс қажет деген қорытынды жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда қабылданған [Электрондық ресурс]: URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (өтініш берген күні: 13.12.2023).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі № 167 кодексі (күші жойылған) [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K97000016>. (өтініш берген күні: 06.02.2024)
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ кодексі [Электрондық ресурс]: URL:// https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/14.htm (өтініш берген күні: 15.03.2024)
4. Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану): оқулық. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006. – 264 б.
5. Иванов В.А. Рецидив преступлений: Уголовно-правовые и криминологические аспекты. Автореферат. – Омск. 2022. -26 с.
6. Чукмаитов Д.С. Некоторые проблемы ответственности несовершеннолетних в случае множественности преступлений // Право и государство. - Астана. № 1 (28). 2003. С. 32-35.
7. Чукмаитов Д.С. Рецидив преступлений. Кұқық және мемлекет, № 2 (63), 2014. 87-91 б.
8. Уголовно-исполнительное право Республики Казахстан: учебник / Б.К. Шнарбаев, А.Е. Мизанбаев. - Костанай: Костанайский филиал ФГБОУ ВО «Челябинский государственный университет», 2017. – 512 с.
9. Османова Г.Ж. Жаза түрі ретінде бас бостандығынан айырудың қылмыстық-құқықтық, криминологиялық және әлеуметтік аспектілері [Электрондық ресурс]: URL: <https://www.calameo.com/read/007239400ab8264ed> (өтініш берген күні: 06.02.2024)
10. Ольховик Н.В., Прокуменцов Л.М. Рецидивная преступность осужденных и ее предупреждение. – Томск: Изд-во Том. ун-та, 2009. – 160 с.
11. Бижанова А.Р., Жүнісова Г.Ә. Криминология: Жалпы және ерекше бөлім. Екінші басылым. – Алматы, 2020. – 460 б.

References:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда қабылданған [Электрондық ресурс]: URL: // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (өтініш берген күні: 13.12.2023).
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі № 167 кодексі (күші жойылған) [Электрондық ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K97000016>. (өтініш берген күні: 06.02.2024)
3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ кодексі [Электрондық ресурс]: URL:// https://kodeksy-kz.com/ugolovnyj_kodeks/14.htm (өтініш берген күні: 15.03.2024)
4. Alauhanov E.O. Kriminologiya (Qylmystanu): oqulyq. –Almaty: «Qazyghurt» baspasy, 2006. – 264 b.
5. Ivanov V.A. Recidiv prestuplenij: Ugolovno-pravovye i kriminologicheskie aspekty. Avto-referat. – Omsk. 2022. -26 s.
6. Chukmaitov D.S. Nekotorye problemy otvetstvennosti nesovershennoletnih v sluchae mnozhestvennosti prestuplenij // Pravo i gosudarstvo.- Astana. № 1 (28). 2003. S. 32-35.

7. Chukmaitov D. S. *Recediv prestuplenij. Құқық және мемлекет*, № 2 (63), 2014 87-91 б.

8. *Ugolovno-ispolnitel'noe pravo Respubliki Kazahstan: uchebник / B.K. Shnarbaev, A.E. Mizanbaev. - Kostanaj: Kostanajskij filial FGBOU VO «Chelyabinskij gosudarstvennyj universitet»*, 2017. – 512 s.

9. *Osmanova G.Zh. Zhaza tyri retinde bas bostandyzynan ajyрудың қылмыстық-құқықтық, kriminologiyalyқ және әлеуметтік аспектілері [Elektronдық resurs]: URL: <https://www.calameo.com/read/007239400ab8264ed>*

10. *Ol'hovik N.V., Prozumentov L.M. Recidivnaya prestupnost' osuzhdennyh i ee preduprezhdenie. – Tomsk: Izd-vo Tom. un-ta, 2009. – 160 s.*

11. *Bizhanova A.R., Zhynisova G.Ә. Kriminologiya: Zhalpy және erekshe bөlim. Ekinshi basylym. – Almaty, 2020. – 460 b.*

МРНТИ: 10.77.01

10.51889/2959-6181.2024.76.2.011

УДК: 343.01

Молдабай С. С.¹

¹ *Общественное Объединение «Центр устойчивого развития «Ошақ»*

ПРОФИЛАКТИКА ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ ВОЕННОСЛУЖАЩИХ КАЗАХСТАНА КАК СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

Аннотация

Девиантное поведение военнослужащих является проблемой для многих стран мира. Казахстан не является исключением. Охват этим явлением достаточно широк: от рядового до командиров разного уровня и ранга. Особую тревогу вызывает распространение девиантного поведения среди военнослужащих срочной службы, представленной лицами молодого возраста. Девиантное поведение влечет исключительно негативные последствия. Самыми тяжелыми и необратимыми являются суицидальные проявления. Задача криминологической науки состоит в выработке эффективных мер противодействия таким проявлениям. Специфика военной службы состоит в том, что она организуется и протекает в условиях действия воинского устава. Традиционно применяемые профилактические меры ожидаемого эффекта могут не дать. Данное обстоятельство требует применения профилактических мер, адаптированных к условиям воинской службы.

Ключевые слова: девиантное поведение, военнослужащий, устав воинской службы, профилактика, психолого-педагогическое воздействие.

Молдабай С. С.¹

¹ *«Ошақ» орнықты даму орталығы» қоғамдық бірлестігі*

ҚАЗАҚСТАН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМА РЕТІНДЕГІ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Аңдатпа

Әскери қызметшілердің девиантты мінез-құлқы әлемнің көптеген елдері үшін проблема болып табылады. Қазақстан бұған жатпайды. Бұл құбылыспен қамту айтарлықтай кең: қатардағы жауынгерден бастап әр түрлі деңгейдегі және дәрежедегі командирлерге дейін. Жас адамдар ұсынған мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер арасында девианттық мінез-құлқтың таралуы ерекше аландаушылық туғызады. Девиантты мінез-құлқы тек теріс салдарларға әкеледі. Суицидтік көріністер ең ауыр және қайтымсыз болып табылады. Криминология ғылымының міндеті осындай көріністерге қарсы іс-қимылдың тиімді